

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

*Гуманитарлық факультет
Қазақ филологиясы кафедрасы*

МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**8D02303 Филология
докторантура бойынша білім беру траекториясы**

Семей 2021

Құрастырғандар: Филология кафедрасының меңгерушісі Төлебаева Қ.Т., және 8D02303 Филология докторантура мамандығының әдвайзері Әбікенова Г.Т.

Филология кафедрасының отырысында қаралып, бекітілген

Хаттама №9, 20.05.2021 ж.

Гуманитарлық факультеттің ОӘК мәжілісінде қаралып, бекітілген

Хаттама №5, 20.05.2021 ж.

Университет ОӘК мәжілісінде қаралып, бекітілген

Хаттама №5, 20.05.2021 ж.

Университеттің Ғылыми Кеңесінің отырысында бекітілген

Хаттама №5, 28.05.2021 ж.

МАЗМҰНЫ

1. ТҮСІНІК ХАТ
2. БІТІРУШНІҢ КҰЗЫРЕТТІ МОДЕЛІ
3. МББ КІРЕТІН МОДУЛЬ ТІЗІМІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША МІНЕЗДЕМЕСІ
4. МОДУЛЬДЕРДІҢ ФОРМУЛЯРЛАРЫ
5. БЕКІТІЛГЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Түсінік хат

8D02303 «Филология» докторантура мамандығы

Оқу мерзімі: 3 жыл

Академиялық дәрежесі: D/h

Модульдік білім беру бағдарламасы 8D02303 «Филология» докторантура мамандығы бойынша философ академиялық дәрежесін алу үшін қажетті құзіреттіліктерді меңгеруге бағытталған және барлық оқу кезеңдеріне арналған оқу модульдерінің бірігуі нәтижесінде құрастырылған.

Модульдік білім беру бағдарламасының нормативтік сілтемелері

- ❖ ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 мемлекеттік бағдарламасы;
- ❖ 8D02303 «Филология» докторантура мамандығының типтік оқу жоспары. 23.08.12
- ❖ ҚР МЖМБС 23.08.1008-2012
- ❖ Оқу үрдісін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру ережелері ҚР БҒМ 20.04.2011 күнгі №152 бұйрығы;
- ❖ Докторанттардың оқыту траекториясын қалыптастыру туралы Ереже. ҚазИГЗУ. Семей, 2012

8D02303 «Филология» докторантура мамандығының білім беру бағдарламасының мақсаты:

- Ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын міндеттерді шешуге және түсіндіруге, өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызмет дағдыларын меңгеруге қажетті жағдайды қамтамасыз ету;
- Педагогикалық қызметті іске асыру үшін психологиялық-педагогикалық білімді меңгерту;
- Мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерді меңгерген;
- Ғылыми мәселені тану, түсіндіру және шешу қабілеттілігін, филология ғылымының қажетті саласына сәйкес әңгімені өрістете алу біліктілігін дамыту;
- Жоғары дәрежелі, білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды, өзін-өзі жетілдіруге, әлеуметтік тұрғыдан икемделуге қабілетті жалпы және кәсіби мәдениетінің деңгейі жоғары кәсіби элита дайындау;

- Білім беру модульдері бойынша белгіленген бағыттарда игерген маман дайындау.
- ❖ БП болғына міндетті компонент пәндері (МК) – 25 кредит; ЖК – 10 кредит және таңдау пәндері (ТК) -15 кредит. Аталған пәндер модульдері келесідей құзіреттіліктер кешенін құрайды: терең ғылыми-теориялық және методологиялық білімді қамтитын кәсіби сапалардың қалыптасуы, қазақ тілі мен әдебиеті салалаларын меңгертуге бағытттайтын пәндер тізбегі.
- ❖ КП блогына міндетті пәндер компоненттері (МК) – 28 кредит; ЖК- 18 кредит және таңдау компоненттері (ТК) – 10 кредит. Аталған пәндер модульдері бітіруші меңгеруге тиіс негізгі және арнайы құзіреттіліктерді қамтиды: теориялық және эмпирикалық білімдерді қамтитын кәсіби сапаны қалыптастыру, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелерінің теориялық және практикалық маңызын қамтитын пәндер тізбегі.
- ❖ Кәсіптік іс-тәжірибелер (педагогикалық, зерттеу) 13 кредиттен тұрады, Докторанттың ғылыми зерттеу жұмысы оның ішінде докторлық диссертацияны қоса алғанда 15 кредит және Қорытынды аттестация – 12 кредит.

8D02303 «Филология» докторантура мамандығының білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- Өзгеріс үстіндегі әлемде кәсіби құзіреттілік пен әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз ететін филологиялық іргелі теориялық-әдістемелік, сондай-ақ іргелес ғылымдар саласы бойынша түбегейлі дайындықтың болуы;
- Ғылыми мәселені тану, түсіндіру және шешу қабілеттілігін, филология ғылымының қажетті саласына сәйкес әңгімені өрістете алу біліктілігін дамыту;
- Кәсіби қызметте қазіргі компьютерлік технологияларды, қазақ/орыс тілінің Ұлттық корпусы ресурстарын пайдаланудың бейіндік машықтары мен дағдыларын қалыптастыру;
- Лингвистикалық/әдебиеттанушылық зерттеулерді жүргізу мен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру, кәсіби қызметтің түрі мен сипатының өзгерісіне, пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге бейімділікті дамыту;

2. БІТІРУШНІҢ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ МОДЕЛІ

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің филология кафедрасы Елбасының болашақ үшін ұсынған бағдарламаларын межелей отырыпатқаратын жұмысында қазіргі заманғы ақпаратты-коммуникативтік технологияларды пайдалана алатын, универсалды және жоғары кәсіби құзыреттілікті мамандарды дайындау.

8D02303 “Филология” мамандығы білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аумақтың индустриалды-инновациялық дамуына бағытталған көп салалар бойынша жоғарғы және ЖОО кейінгі білім беру миссиясына сәйкес келеді.

Аталған оқу орнының бітіруші магистранттар білімді де білікті оқытушылардан дәріс алып, білімін, біліктілігін, кәсіби шеберлігін шыңдайды.

Нарық жағдайында бітіруші докторанттарға қойылатын талаптар:

- Бәсекеге қабілеттілігі;
- Білім беру сапасының жоғары болуы;
- Кәсіби шеберлігі;
- Әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Сондықтан «Филология» мамандығын бітіруші докторанттың моделі төмендегідей құзіреттіліктермен анықталады. Алдымен, «модель», «бітіруші моделі», «құзіреттілік» терминдеріне тоқталсақ.

1. **МОДЕЛЬ** (фр.modele, лат.modulus - өлшем) – белгілі бір зерттелетін нысанның ой түсінігі арқылы немесе материалдық түрде жасалған шартты үлгісі (бейнесі, сұлбасы, сипаттамасы, т.б.). біздің жағдайымызда бітіруші түлектің, яғни жаңа формациядағы жас маманның бейнесі.

БІТІРУШІ МОДЕЛІ – Докторантураны бітіруші Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, бала құқығы туралы Конвенцияны; ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру-басқару міндеттерін шешуге керекті жалпытеориялық пәндердің қажетті мөлшердегі негізін; білім беру мен педагогикалық ғылымның негізгі бағыттары мен болашақтағы даму жоспарын; еңбекті ғылыми ұйымдастыруды; еңбекті қорғаудың ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік және өрттен қорғану техникасын білуі тиіс.

Бітірушінің филология саласы бойынша іргелі, ғылыми және кәсіби педагогикалық дайындығы болуы тиіс; филология мен білім беру саласына бағытталған білім беру және зерттеу міндеттерін шешуге дайын болуы тиіс; ғылыми хабарды алу, өңдеу және сақтау әдістерін қоса алғандығы қазіргі ақпараттық технологияны меңгеруі керек, жаңа ғылыми және практикалық мәселелерді көтеруі және шешімін табуы тиіс; таңдаған ғылыми мамандығы

бойынша ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу іс-әрекеттерін жоспарлауы және жүргізе алуы тиіс; ЖОО-да сабақ бере алуы; таңдалған мамандық бойынша кәсіби қызметті ұйымдастыру, педагогикалық, басқаруды жүзеге асыруы тиіс; оқушылардың оқытылу деңгейін; оқыту барысында кездесуге тиісті қиындықтарды алдын ала болжауы; педагогикалық қызмет барысында ретке келтірушілік және дамытушылық әрекеттерді іске асыра алуы шарт.

2. ҚҰЗІРЕТТІЛІК(латын тілінен аудармасы «competense» белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір) – ұғымы адамның мәселеден жақсы хабардарлығы, танымдар мен тәжірибелерді меңгеру аумағын білдіреді. Белгілі бір сала бойынша құзіретті болу – осы салаға негіздемелік талдау жасау және ондағы тиімді іс-әрекет етуге мүмкіндік беретін лайықты білім мен қабілетке ие болу.

Құзіреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, оның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзіреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемділігін атайды.

Кәсіптік құзіреттілікті маманның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы, яғни жеке тұлғаның кәсіптік іс-әрекетті атқаруға теориялық білімі мен практикалық қабілеттерінің бірлігі негізіндегі даярлығы деп түсінеміз.

8D 02303 «Филология» докторантура мамандығы бойынша құзіреттілігі құзіреттіліктің екі түрімен анықталады:

I НЕГІЗГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК

II КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК

I НЕГІЗГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК- негізгі құзіреттілік сала ерекшелігіне қарамастан барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзіреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды. Негізгі құзіреттілік үшке бөлінеді:

- Ақпараттық құзіреттілік;
- Коммуникативтік (қатысымдық) құзіреттілік;
- Әлеуметтік құзіреттілік.
- Бағдарламалық құзіреттілік

Ақпараттық құзіреттілік - Интернет жүйесінде жұмыс істей алуды және оның қызметін пайдалану, ғылыми таным құралдары мен жаңа әдістерін, қазіргі ақпараттық мәдениеттің жетістіктерін белсенді пайдалана отырып, филология саласындағы ғылыми мәселені көтеруді, негіздеуді және шешуді, жоғары және орта оқу орындарында жаңа әдістерді, технологияны, РС-ді ескере отырып оқыту құралдарын пайдалану.

Коммуникативтік құзіреттілік - Ғылыми ұжымда жұмыс істеуді, ғылыми кәсіптік қызметте коммуникацияны жүзеге асыруда, ғылыми-зерттеу үдерісінің және ғылыми зерттеу іс-әрекетінің ұйымдастыру ақпаратын меңгеру. Комуникативті өрісті игеруде кәсіби құзіреттіліктің тілдік параметрлерін еркін меңгере білумен қатар, сөйлеу мәдениетінің жоғары дейгейін көрсете отырып, ауызша және ғылыми сөйлеудің адекватты стилін таңдай алуы және логикамен байланыстыруы.

Әлеуметтік құзіреттілік – Шешім шығаруды және оның жүзеге асуына ат салысуда, өзінің мүддесін өндіріспен қоғамның талаптарымен байланыстыра алуды, ресми және бейресми жағдайда этикет ережелерін, қарым-қатынас мәдениетін сақтай білуі.

Бағдарламалық - пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімдер жүйесін, нақты әлеуметтік педагогикалық жағдайды ескере отырып кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын меңгеру, педагогтың кәсіби парызын ұғыну, педагогикалық қызмет нәтижесіне жауапкершілікпен қарау;

II КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІК– Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы. Кәсіби құзіреттілік жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық, практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Кәсіби құзіреттілік үшке бөлінеді:

- Арнайы кәсіби құзіреттілік;
- Педагогикалық-психологиялық құзіреттілік.
- Зерттеушілік құзіреттілік.

Арнайы кәсіби құзіреттілік :

- Лингвистиканың әдебиеттанудың терминологиялық-ұғымдық аппаратын, негізгі теориялық әдістемелік ұстанымдарын меңгеру;

- Қазіргі ғылым парадигмасының лингвистиканың және әдебиеттанудың өзекті бағыттарын, олардың маңызды мәселелері мен жетістіктерін білу;
- Тіл бағдары деңгейінде кем дегенде бір шет тілін еркін меңгеру керек;
- Әдеби тіл және әдеби үрдіс бағыттары;
- Әдебиеттану ғылымының әдістері, сондай-ақ шектес ғылымдардың тұжырымдамалық және әдістемелік аппаратын пайдалану;

Педагогикалық-психологиялық құзыреттілік –филология және педагогика ғылымдарының әдістемелік аппаратын және жалпы ғылыми әдістемелікті кәсіби қызметінде қолдануда, оқытудың белсенді әдістерінің психологиялық негіздерін білуде, этикалық және адамгершілік құндылықтарды белсенді насихаттау мен қорғауда интеллектуалдық қабілетпен моральдық беделді пайдалана алуда, тұлғааралық қарым-қатынаспен өзін-өзі жетілдіруде.

Зерттеушілік: гнесеология, әдіснама, педагогика және психология саласындағы білімдерді меңгеру, ақпараттарды басқару дағдылары мен біліктерінің болуы, психологиылық-педагогикалық диагностика, талдау және синтез негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыру, педагогикалық рефлексияға қабілетті болу, зерттеу мәдениетін жетілдіруге ұмтылу;

№1 кесте. Арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыру барысындағы пәндерді игеру тізбегі

№	Құзыреттілік	Міндетті, элективті пәндер тізбегі және әр оқыту траекториясы бойынша оқыту тізбегі		Күтілетін нәтиже
		Пәндер тізімі	Обучения (сем.)	
1	бағдарламалық құзыреттілік	Әлемдік әдеби үдерістің ғылыми-теориялық негіздері	2	<p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ақпарат алмасудың заманауи құралдары мен іскери қатысымның динамикасын дамыту болашағы тұрғысында қатысым теориясы мен шешендік өнердің өзекті мәселелерін жүйелеу; - Әртүрлі қатысым түрлерінің қазіргі даму кезеңінде туындайтын міндеттерін шешуге бағытталған жолдарды қалыптастыру; <p>Игеру керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтіннің кешенді талдау нәтижелерін ғылыми қауымдастыққа презентациялау; - Әртүрлі қатысым түрлерінің қалыптасуына ықпал етуші мәдени қағидаларды айқындау;
2	арнайы құзыреттілік	Сөз мәдениеті мен жалпы сөзтану мәселелері	1	<p>Білу керек: - сөз мәдениеті пәнінің зерттеу объектісін, қарастыратын мәселелерін дәлдеу, анықтау, нақтылау; “сөз мәдениеті” деген ұғымға анықтама беру; оның негізгі аспектілерін көрсету; сөз мәдениетінің дербес пән ретінде, қазақ тіл білімінің теориялық саласы ретінде қалыптасуының алғышарттарын көрсету;</p> <ul style="list-style-type: none"> - әдеби тіл және оның нормалары жөнінде

				<p>теориялық мәселелерге тоқталу; нормалардың түр-түрін көрсетіп, сипаттама жасау; тілдік норманы кодификациялаудың негіздерін айқындау;</p> <p>- тілдік норманы тілдік жүйе және дағды (узус) құбылыстарымен байланысты қарау; олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау;</p> <p>Игеру керек:</p> <p>- сөздің ауызша формаларына тән ерекшеліктеріне, тілдік және оны жазба сөзден өзгешелендіріп тұратын тілдік емес мәнділіктеріне тоқталу; шаршысөз түрлеріне тоқталып, сөз бедерлеу құралдарына, әсер ету тәсілдеріне талдау жасау; пікірталастың тілдік, тілдік емес құралдарына талдау жасау;</p> <p>- коммуникацияның аса маңызды құрылымдық компоненттерінің бірі ретінде этикеттік таңбалардың қызметі мен өзіне тән нормаларын, қарым-қатынас мәдениетіне тигізетін әсерін көрсету.</p> <p>- тілдің даму үрдісіне сәйкес өзгерістерді айқындау және варианттарды кодификациялау;</p> <p>- қолданыла келе дәстүрлі нормаға айналған, сөз жұмсауда ешбір қиындық келтірмейтін нормаларды қайта кодификациялауға жол бермеудің мәнін түсіндіру.</p>
--	--	--	--	---

2 кесте. Әлеуметтік-кәсіби өзара қарым-қатынасты пәндерді игеру тізбегі

Курс	Қамтамасыз ететін пәндер	Құзыреттілік	Күтілетін нәтиже
1	2	3	4
Базалық пәндер Міндетті компонент			
1	XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ (орыс) филологиясының ғылыми басымдықтары	Әлеуметтік құзыреттілік	Білу керек: Олардың бүтіндей лингвистикалық жаңа бағыттар мен ағымдарға түсінігін қалыптастыра отырып, меңгерген білімін лингвистикалық ізденістері кезінде және тіл білімін зерттеу тұсында қолдануға үйрету. Игеру керек: XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ филологиясының ғылыми басымдықтарын анықтау, ғылыми тұрғыдан зерделеу.
2	Қазіргі тіл білімінің негізгі параметрлері: антропоцентризм; функционализм; экспансионизм; когнитивизм.	арнайы құзыреттілік	Білу керек: Практикалық әдістерін жасауды, яғни жазу мәселесін дамытуды, ауызекі сөйлеудің транскрипциялық жүйесін құруды, шетел сөздерінің транск.жасауды, стенорграфилық тәсілдерін дамытуды,арнайы лингвистикалық сөздіктер шығаруды, тарихи ескерткіштерді таңба жазуларды

			<p>айқындауды, ғылыми техникалық терминдердің қалыптастыру т.б. іс шараларды қамтиды.</p> <p>Игеру керек: докторанттардың Еуропа әдебиеті туралы білім жүйесін антикалықтан бүгінгі күнге дейін тереңдету: әлемдік әдебиеттің көркем шығармаларының мәтіндерін нысаны мен мазмұнының бірлігінде қарау, сондай-ақ оларды нақты-тарихи және жалпы адамзаттық маңызы тұрғысынан талдау дағдыларын қалыптастыру.</p>
3	Академиялық хат	арнайы құзыреттілік	<p>Білу керек:</p> <p>Бұл пән бойынша академиялық жанрлардың (аннотациялар, реферат, аналитикалық шолу, сонымен қатар ғылыми оқиға (конференция) туралы хабарламалар) теориялық мәселелері қарастырылады. Аналитикалық мәтінді өңдеудің негізгі мақсаттары, кәсіби тақырыптағы мәтіндерді талдау, мәтінді талдау әдістемесі, мәтінмен жұмыс істеу, оның ішінде анықтамалық, арнайы әдебиеттер мен компьютерлік желілердегі ақпаратты іздеу әдісі, ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-көпшілік мәтіндерге стильдік талдау т.б. мәселелер қамтылады.</p> <p>Игеру керек:</p> <p>- эссе мен ғылыми мақалаларды</p>

			<p>стилистика мен композиция, автордың зерттеу стратегиясы тұрғысынан талдай білу;</p> <p>- ғылыми мақалалар мен монографиялардың конспектілері, аннотациялары мен рефераттарын, сондай-ақ рецензиялар мен эсселерді өз бетінше жасау дағдыларына ие болу</p>
--	--	--	---

